

№2007
3811к

Мереке ҚҰЛКЕНОВ

БІЗДІҢ ҚОҒАМ



Мереке ҚҰЛКЕНОВ

БІЗДІҢ ҚОҒАМ

АЛМАТЫ
ӘНІК
БАСТАҒЫ

2006

ББК 84 Қаз7-44

Қ74

*Қазақстан Республикасы мәдениет және
ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің мемлекеттік
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Қ74 Құлкенов М. БІЗДІҢ ҚОҒАМ.

— Алматы, «Өлке», 2006. — 280 бет.

ISBN 9965-742-76-6

*Бұл кітапқа жазушының соңғы жылдары республикалық
баспасөз беттерінде жарық көрген мақала-очерктері еніп
отыр. Кітапқа елімізде соңғы он жылда болған өзгерістерге
орай бүгінгі заманда жүріп жатқан сан қилы оқиғалар арқау
болады.*

*М.Құлкенов бұл кітабы егеменді еліміз болашақта қай
бағытпен дамиды, ол дамуда Шығыс пен Батыстың
құндылықтарының қайсысын таңдайды, әлде өзінің сара
жолымен жүре ме, жаһандану дәуірінде алатын орыны мен
болашағы жайлы философиялық жауап беруге ұмтылған
бағалы еңбек. Ойы терең, тілі көркем.*


ББК 84 Қаз7-44

Қ $\frac{4702250201}{00 (05)-06}$

ISBN 9965-742-76-6

© Құлкенов М., 2006

© "Өлке" баспасы, 2006



Біздің қоғам Сіз бен біздің өмір сүріп, тірлік етіп, әйтеуір жанталаса қимылдап, жығыла-сүріне алға ұмтылып жатқан, сайраны мен ойраны қатар келе жатқан қоғамымыз. Соңғы жылдары заман өзгерді, заманмен бірге адамы өзгерді. Қазақстан деп ат қойып, айдар таққан еліміздегі өмір сүріп, өсіп-өніп жатқан сан алуан ұлттар мен ұлыстардың пиғылы, мінез-құлқы, сезім-түйсігі, түсінік-танымы мүлдем басқа. Кейбіреулері бізге жат. Әсіресе, бай мен кедейдің ара жігі ашылып, байда астамшылық, жарлыда көреалмаушылық құлық бой алып барады. Ықылым заманнан келе жатқан бауырмалдық, адамгершілік сияқты қасиетті ұғымдар санадан өше бастағандай. Есесіне қаталдық, тіпті қатігездік, арамдық, ұятсыздық, көргенсіздік жер бетін жайлап кеткен де, көбіне әрі-сәрі құлазыған күйде жүресің.

Бұған қазақтан басқа жан баласына керегі жоқ рушылдық, жершілдік, ағайыншылдық сияқты дертті қосыңыз. Соның салдарынан пайда болып, жан-сарайымызды жайлап алған сауатсыздық, мәдениетіміз бен тарихымыздан, салт-дәстүрімізден бейхабарлық, ана тілімізден саналы түрде жеріну сияқты осы қоғамның індетін мойындамасқа амалымыз жоқ. Оның есесіне осы қоғам қалыптастырған арзан күлкі, тойымсыз нәпсі, шексіз құмарлық, Еуропаға, Америкаға еліктеу, ақшаның соңына түсу, өз елін өзі тонауға ұмтылу, әйтеуір бір көз көріп, құлақ естімеген жаққа кетуді, бай болып барша мұратына жетуді аңсау қазақ баласын аздырып, тоздырып болды. Туган жер, өскен ел деген ұлы ұғым, патриоттық сезімнің өзегіне құрт түскелі қашан! Қызың уайымсыз, қайғысыз, рахат өмір сүру үшін кез келген елге, кез келген көк аттының қанжыгасында кетуге пейіл! Ұлың өзінің қарақан басының құлқы үшін елін, жерін, бар мүкәммалын сатып жіберуге дайын. Өйткені, бүгінгі қоғамда осындай үрейлі құлық, қорқынышты пиғыл бар.

Иә, біздің қоғамда қалыптасқан ұғым, біздің қоғамда пайда болған пенделер мен сол пенделерге арналған лауазымдар туралы айтатын уақыт жеткен сияқты сонымен.

Біздің қоғам



Қарапайым халық

Бізде қарапайым халық деген тіркес пайда болғалы қашан. Бұл сөзді зиялыларымыз да, оппозиция да жиі қолданады. Зиялыларымыз халық қамын жеп, аталы сөз айтқысы келгенде осы тіркеске жиі жүгінеді, оппозиция болса үкіметке қарсы сөйлегенде қарапайым халықты өздерінің қорғаныс құралына айналдырып, солардың сойылын соға сөйлейді. Қарапайым халық дегеніміз кімдер сонда? Егер зиялылар, шенеуніктер, оппозиция өкілдері өздерін қарапайым санамаса, қарапайымдар кімдер болғаны? Бұл ұғымды немен өлшеуге болады өзі? Егер қазіргі көзқарас тұрғысынан келсек ақшамен немесе лауазыммен өлшенетін шығар сірә. Егер ақшаң болса, әйтпесе лауазымға қол жеткізсең қарапайым халықтың қатарына қосылмайсың. Қарапайым халықтан оқшау, биіктен оларға мүсіркей қарайсың. Жарайды, олай болса қарапайым халық деп кімді айтамыз? Әрине, алдымен ауызға ілігетіндер ауылдағы ағайындар, содан соң қаладағы жұмыссыздар, еңбек демалысына шыққандар, студенттер тағысын тағылар деп жіпке тізіп кете беруге болар еді. Алайда, біздің қоғамның ұғымындағы қарапайым халық дегеніміз — өзін өзі қорғай алмайтын, өз құқын білмейтін, өзінің қоғамдағы орнын ешкімге дәлелдей алмайтын адамдар. Бұл — қолында азын-

аулақ билік бар, қалтасында ақшасы бар азғантай топтың пікірі. Шын мәнінде, ел басқарған көсем де, байлыққа бөккен шонжар да сол қарапайым халықтан шығатыны ежелден белгілі. Тек соңғы кезде мемлекет пен халықтың есебінен байып, құдайын танымай кеткен азғантай топ қана өздерін аспаннан екі аяғы салбырап түскендей сезінеді. Енді сәл ойланайықшы, осы ат төбеліндей жаңа қазақтар қарапайым халықтың арасынан шықса онда сол қарапайым халықтың арасында кедейлер, жұмыссыздар, қайыршылар неге көп. Оппозиция өкілдері қарапайым халықтың бәрінен құралақан қалғанын айтып, айқай-сүреңге салады. Осының бәріне кінәліні неге тек жоғары жақтан, үкіметтен іздейді. Неге сол жұмыссыздықтан, кедейліктен, қайыршылықтан шығудың жолын көрсетіп, үлгі болмайды. Өйткені, кедейлік пен жұмыссыздыққа кінәлі алдымен сол кедейлер мен жұмыссыздардың өздері. Мынаны қараңыз, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан келген жұмыссыздар Қазақстанда қалып қойып жатыр. Жай қалып қоймай, жұмысқа орналасады. Кейбіреулері аш-жалаңаш келіп, бас аяғы бес-алты айдың ішінде өзінің кәсіпорнын ашып, кісі жалдап баюға айналды. Ал бізде бәз баяғы қалпы, Сейфуллин бойы қаптаған жұмыссыз жігіттер, Сайынның бойы қыз базары. Біздің жұмыссыздар әуелі анау-мынау жұмысыңды менсінбейді, әуелі ақшасын азырқанады. Ол аз болса азар орналасқан жұмысын адал атқармайды, шала-пұла істеп, қожайынның көңілін қалдырады, әйтпесе жұмыс орнынан мүлік-материал ұрлап ұяттан беті күйеді. Басқаша айтқанда, жұмыс істемей, қарап отырып көп ақша тапқысы келеді. Қазір Қазақстандағы құрылыстың басым көпшілігінде өзбектер мен қырғыздар, қарақалпақтар еңбек етеді. Олар еңбегіне арзан

еңбекақы алады, есесіне өте сапалы жұмыс істейді. Түнгі клубтар мен казиноларда да өзбек, қырғыз қыздары би билейді. Кешкі 20-сағаттан таңға дейін билегенде табатындары 300 теңге. Қазақ қыздарына осылай жұмыс істетіп қара, сол бойда қолын бір сілтеп кетіп қалады. Біздің жастар баспен ойлайтын, талантты қажет ететін жұмыстарға көп жоламайды. Есесіне базарда арба сүйреткенге мәз. Ал күрделі, электронды машиналарда басқа ұлт өкілдерінің жастары жұмыс істейді.

Біздің қоғамда адам тәрбиесімен, еңбекпен қамтумен, жұмысқа тартумен айналысатын түрлі институттар мен орталықтар жеткілікті дәрежеде жұмыс істемейді. Тіпті, еңбекпен қамту орталықтарында жұмыссыздықтың себеп-салдарын ашатын ғылыми талдаулар жоқтың қасы. Күнделікті тіршілікке керекті ірілі-ұсақты мамандықтарды даярлайтын қысқа мерзімді курстар жұмысы мүлдем жолға қойылмаған. Тұрмыста күнделікті пайдаланылатын техниканы жөндейтін, электроникамен, электрмен айналысатын, әйелдер косметикасымен айналысатын, салалық мамандар бізде жоқтың қасы. Бізде қандай мамандық түрлері төмен, соны саралап, сараптап отыратын да мекемелер керек-ақ. Осы мәселенің бәрі қарапайым халыққа тікелей қатысты жайттар. Бірақ қарапайым халықтан әлдеқашан қол үзіп, атқа мініп кісі қатарына қосылғандар бұған онша бас қатыра бермейді. Өйткені, өзінің жағдайы жақсы, ақшаға бәрін сатып алуға болатынын әлдеқашан түсінген, қарапайым халыққа жолағысы жоқ. Жеке коттедж, қымбат машина, уыс-уыс ақша оның бойындағы адамгершілік қасиеттердің бәрін әлдеқашан жойып жіберген. Ол газет-журналдар, кітаптың бетін ашпайды. Телевизордан шетелдің, орыстың

бағдарламаларын ғана көреді. Оның өз халқына деген, өз тілі мен мәдениетіне деген көзқарасы баяғыда өзгерген. Ол бәрін шетелдік өлшеммен ғана бағалайды. Ол туған елінің материалдық мүмкіндігінің арқасында байып жатқанымен хабары жоқ, бар арман-мүддесі байыған үстіне баю... Кеше ғана нанға ақша таба алмай жүрген кездерін ұмытқан. Қарапайым халықтан шыққан көптің бірі енді ешкімге иілгісі де, қол ұшын бергісі де келмейді. Бұл дағы бүгінгі қоғамның індеті. Қарапайым халық көп нәрседен бейхабар, мақұрым. Қоғамдағы құбылыстарға білмеген соң араласа да алмайды. Олардың сауатсыз, надан болғаны бүгінгі шенеунікке өте пайдалы. Надан халықты басқару аса оңай, әрі ыңғайлы екенін бүгінгі шенеунік жақсы біледі. Бүгінгі қоғамдағы бүкіл болмысымен жаңа әрі өте қауіпті тұлға шенеунік. Ендігі әңгімеміз шенеунік туралы болады. Шенеунік болғанда осы біздің қоғам дүниеге әкеліп, тәрбиелеген жаңа шенеунік.

Шенеуніктер



Әрине, бүкіл әлемнің дені шенеуніктерден тұрады. Осы заманның кішкентай ғана тетігі — шенеуніктер. Әу бастан құдай лайықтап, халық мойындап қойған міндеті — Мемлекеттік органдар мен ведомстволарға қызмет ету, яғни мемлекеттік қызметкер. Әрине, шенеуніктің ірісі, ұсағы, ақылдысы, ақымағы, іскері, можантопайы, таланттысы, дарынсызы, қуы, аңқауы, қатігезі, бауырмалы көп екені әмбеге аян. Алайда, олар мемлекетке қызмет ететіндіктен ортақ ұқсастығы мамандық ерекшелігі болатыны тағы белгілі. С.И. Ожеговтың айтуынша, шенеунік – буржуазиялық елдердегі мемлекеттік қызметкер, олардың лауазымы, қызмет атағы болады. Өз жұмысын салқын, немқұрайдылықпен, ешбір әсерсіз, бюрократтық астамшылықпен жүргізетін адамды да ісінде шенеуніктік көзқарас бар деп есептеген сонау заманның өзінде. Біздің ата-бабамыз шенеуніктерді хандық кезеңде төлеңгіттер деп атап, оларға онша сеніп, ықылас білдірмеген. Өйткені, төлеңгіттер Ханның айтқанын ғана орындап, мәртебелі иесінің ғана мүддесін қорғаған. Басқаша айтқанда қара халыққа қарсы жұмыс істеген.

Кеңес үкіметінің де шенеуніктерін көре қалдық. Шіркін, олар да, жылтыратып костюм киіп, қылғына галстук тағып, ыңырси сөйлеп,

маңғаздана қарап әбден зықыңды шығаратын. Кеңес өкіметінің шенеуніктерінің бүгінгіден бір сапалы ерекшелігі — өте сақ, үргелек келеді. Тіпті қорқақ еді десең де болғандай. Өйткені, олар сол жақ қалтасын дуылдатып бара жатқан партбилетінен айырылып қалмауды ойлайтын. Шекесінде шөкімдей миы болса және қолдаушы табылса қызмет баспалдағымен жоғары өрлей беру онша қиынға соқпайтын. Ал енді бар ма, алда-жалда өзіңнің шамаңнан тыс сөз айтып, ретсіз іске араласып, сүріндің екен, қайтып қатарға қосыла алмайтынсың. Кеңес заманының шенеуніктерінің бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай сөйлейтіні сондықтан еді.

Сонау комсомолдың бар кезінде жұмыс бабымен Орталық комитетке бара қалдым. Басшыларының бірі қабылдады. Кешегі өткен Қазақстан компартиясының пленумы туралы әңгіме болды. **«Жолдас Колбин қостілділік туралы аталы сөз айтты, қолдауымыз керек»**, – деді хатшы, қабағын түйіп сөйлеп. Хатшыдан кейін бөлім меңгерушісіне кірдім. Ол да салған жерден кешегі пленумды айтып: «Жолдас Колбин қостілділік туралы аталы сөз айтты, қолдауымыз керек», – деді, қабағын түйіп. Бөлім меңгерушісінен кейін нұсқаушыға кірдім. Ол да сәлемімді алар-алмастан кеше өткен пленумды айтып, «Жолдас Колбин қостілділік туралы аталы сөз айтты, қолдауымыз керек», – деді, қабағын түйіп. Құдды робот сияқты, бірін-бірі айнытпай қайталап, діңкеңді құртатын. Бүкіл кеңес елі осылайша бір-бірінен аумайтын. Жоғарыдан айтылды ма бітті, жаңағы шенеуніктер дереу іске кірісіп, жаныңа тыныштық бермейтін. Өзіңше ойлап, өзіңше жұмыс істеуге құқың жоқ. Ал егер, ер-тоқымыңды бауырыңа алып тулап, ақылға

сыймайтын ой-пікір айтып оқшаулана қалдың ба, партиядан шығасың. Партиядан шығу дегенің ол кезде өліммен тең. Кенес үкіметінің кезінде талай ұлы тұлғалардың түбіне шенеуніктер жеткені де ащы шындық. Ал енді біздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі шенеуніктеріміз басқа бір елде жоқ, тек қазаққа ғана тән ерекше тұлғаларға айналып келеді. Біздің шенеуніктеріміздің іс-қимылына, мінез-құлқына қарап отырып кейде шошисың. Апырмай, осылар «қарғаның валетіндей боп, едірейіп қайдан шықты, қалай қалыптасты» деп ойға қаласың.

Қазақстан шенеунігі тіл жағынан да төртке бөлінеді. Бірінші — таза қазақы шенеунік. Ауылдан шыққан, қазақша жақсы біледі, орысшасында акцент бар. Екіншісі — негізгі тілі орысша, қазақша шала-пұла немесе мүлдем білмейді. Үшіншісі — ағылшынша өте жақсы білетін, орысша сайрап тұрған супершенеунік. Төртінші — саусақпен санарлықтай азғантай топ бар, олар қазақша да, орысша да, ағылшынша да білетін, жоғары білімді негізінен шетелдің беделді оқу орындарынан алған, ойлау қабілеттері, жұмыс стильдері мүлдем бөлек жаңа топ.

Біз айтып отырған бірінші топтағылар негізінен әр түрлі деңгейдегі әкімдіктерде, республикалық, облыстық, аудандық мекемелерде еңбек етеді.

Екінші топ банк жүйелерінде, түрлі ақшалы компаниялар мен фирмаларда, құқық қорғау орындарының қызметкерлері.

Үшінші топ Сыртқы істер министрлігіне, елшіліктерге, консулдықтарға, саясатпен айналысатын министрліктер мен ведомстволарға орналасқан.

Төртінші топ біздің үкіметімізде, басқа мекемелерде конкурстан тыс ең жауапты жұмыстарға алынып, еңбек етіп жатыр.

Қазақстан шенеунігінің қызметін пайдалы және пайдасыз деп екіге бөлуге болады.

Біріншісі — халықтың күнде ісі түсетін орындар. Құқық қорғау органдары, салық, кеден, экология, санитарлық-эпидемиологиялық, казначейлік, көші-қон мекемелері, халықты еңбекпен қамту, сақтандыру, қамсыздандыру, өрттен қорғау орындары, психодиспансерлер.

Екіншісі — пайдасы мен жақсы аты жоқ, жауапкершілігі мол мәдениет саласы мен ішкі саясат бөлімдері.

Қазақстан шенеунігі өз кәсібін игергеннен гөрі өзі отырған креслоны өз бас пайдасына пайдалануды алдымен меңгереді. Бұл бүгінгі шенеуніктің басты мақсаты. Оның ойы өзі атқаратын қызметте отырып көп пайда табу.

Соңғы кезде тексеру мекемелері неге ірі қылмыстың бетін ашпайтын болды. Неге? Себебі, тексеру комиссиясы тексеріп жатқан мекемесінің басшылығымен «тіл табысады». Яғни, өзіне керегін алады да қылмысты жауып кетеді. Немесе шағын және орта кәсіпкерлерді тексерушілерді алыңыз, олар не үшін тексеріп жатқанын және нәтижесі дұрыс болатынын сізге бірден аңғартады. Айталық, санэпидемстанциядан тексеруге келген адамға сол мекеменің санитарлық жағдайындағы ақаулықтарды анықтап айыппұл салып кетуіне болар еді. Бірақ ол мемлекеттің қалтасына түсетін айыппұлдан гөрі өзінің жанқалтасын көбірек ойлайды. Өткен жылы сондай бір тексеруші әйелді пара беріп жатқан жерінен ұстағанын теледидардан көрсетті. Сол келіншектің қызметінен хабарымыз бар еді, оның әбден параға үйреніп алғаны сондай, тексерілушілерден теңгені долларға айналдырып беруін талап етеді екен. Оның

ұсталғаннан кейінгі тағдырынан бейхабармыз. Алайда, құдай біледі, кеше жұртты тексеріп, шалқып жүрген келіншектің өзі енді құқық қорғаушылардың кезекті жемтігіне айналуы мүмкін.

Сіз Қазақстан түрмелерінде негізінен нақақтан істі болғандар немесе жарлы-жақыбайлар (біз бұл жерде нағыз қылмыскерлерді жақтаудан аулақпыз) неліктен отырғанын ойланып көрдіңіз бе? Өйткені, нақақ істі болғандар мен жарлы-жақыбайлардың тергеушіге, сотқа беретін ақшасы жоқ. Менің есіме өзім сыйлайтын қадірменді ақсақалдың әңгімесі оралады.

Ақсақал мынадай мысал айтып еді, осы Алматыда күйеуі ерте дүние салған әйел екі баласымен жесір қалды. Өзінің етінің тірілігінен, жанталасып жүріп туристік фирма ашты. Байғұсқа құдай қарасып, ісі оңға басады. Ақсайдан төрт бөлмелі үй алады, өзінің, балаларының иығы бүтінделеді. Қызы мен ұлын қалаған оқуларына түсіреді. Сөйтіп, тәубә айтып, құдайдан қолдау сұрап, құлдық ұрып, өмір сүріп жатқанда күтпеген оқиғаға тап болады. Жаздың күні оңтүстіктен келген ағайындар аулаға әкеліп қарбыз, қауын сатпай ма. Жаңағы келіншектің ауласындағы қарбыз саудалап отырғандарға сол ауланың балалары тиіседі, төбелес болады. Қарбыз-қауындары талан-таражға түсіп, өздері таяқ жеген оңтүстіктіктер милиция шақырады. Сол сәтте келіншектің оқудан қайтып келе жатқан баласы оқиғаның үстіне тап болады. Милиция келгенде, төбелес шығарған балалардың бәрі қашып кетеді де, таяқ жегендер «мынадай балалар» деп келіншектің ұлын нұсқайды. Бітті. Кінәсі жоқ баланы қамауға алып, анасының басы шырғалаңға түседі. Тергеушілер бірінен соң бірі ауысқан сайын

ақша сұрап әбден қинайды. Сонымен, не керек, жалғыз ұлы үшін қайран ана алған үйін сатады, гүлдеп келе жатқан жұмысы жайына қалады. Ал нақақ түрмеге түскен бала екі жарым жылға бас бостандығынан айырылады. Бұндай мысалдар өмірде өте көп. Қоғамдағы көп кеселдің дені шенеуніктердің қолымен жасалатыны дәлелдеуді керек етпейтін шындық. Өзінен өзі шешілуге тиіс шаруаның барлығы бізде ақшасыз шешілмеу заңдылыққа айналып барады. Ал халыққа қызмет ететін шенеуніктер Қазақстан заңдарын өздеріне қызмет істетіп отыр. Соның бәрінен зардап шегетін де қарапайым халық. Әсіресе, ауылдан келген, шеттен келген қазақтардың бүгінгі шенеуніктерден көрген қорлығын айтып жеткізу мүмкін емес. Иә, шенеуніктердің жұмысын жолға қою үшін жасалынып жатқан шаралар аз емес. Ірілі-ұсақты мемлекет қызметкерлерінің қызметтен алынып, сотталып жатқаны қанша...

Бір ғана кеден саласынан соңғы кезде 200-ден астам адам қызметтен шығарылыпты. Әйтсе де қызмет бабын пайдаланып, қылмысқа бару азаяр емес. Демек, мемлекеттік мекемелердің жұмысына жан-жақты ойластырылған реформа керек. Шенеуніктердің халық алдындағы жауапкершілігін арттырмай, олардың жұртшылықпен жұмыс істеуін жолға қоймай болмайды. Кез келген азаматтың шағым-арызы мұқият тексеріліп, қатаң үкім шығармаса бәрі бекер әңгіме. Шенеунік қоғамға ең қауіпті тұлғаға айналып барады. Ал қауіптің алдын алар болар.

Біз айтқан шенеуніктің қызметінен онша пайда көрмейтін екінші тобының ортақ кемшілігі немқұрайдылық. Мәдениетке, саясатқа қатысы бар шенеуніктердің көпшілігі қол қусырып босқа отыр. Кейбіреулер өздерінің иіс алмас қабілетсіздігімен

халыққа зиянын тигізуде. Кейбір мәдениетке қатысы бар мекемелердің бөлімдерінде, айталық, 11 адам жұмыс істейді десек, шын мәнінде соның біреуі ғана күні бойы тыным таппайды, қалғаны соның есебінен айлық алады. Және жаңағы жұмыс істейтін жалғыз ең төменгі жұмыста жүруі мүмкін. Халық мүддесін қорғайтын саяси мекемелердің шенеуніктерінің көпшілігі қазақтан басқалардың қол шоқпарына айналып бара жатқанын қалай жасырамыз. Әйтпесе, аз ұлттардың жағдайына қарау керек деген желеумен болашағымызға зиянды қанша шаралар жасалып жатыр. Ал біздің шенеуніктеріміз үнсіз. Өйткені, оларға қазақтан гөрі басқалармен тіл табысу пайдалы. Қазақ қайда барады, айтады, айтады да қояды. Біз үшін бүгінгі таңда ең қауіптісі ұлттық мүддеге, мәдениетке, салт-дәстүрімізге, тілімізге немқұрайды қарау. Оны ең алдымен шенеунік, әсіресе лауазымы жоғары шенеунік естен шығармағаны абзал.

Әкім және оның командасы

Тәуелсіздік дүниеге әкеліп, кіндігін кескен мәртебелі қызмет — әкім. Жоғары дәрежелі биліктің ең мықты бұтағы да — әкім. Бұл өзі Кеңес әкіметі тұсындағы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы мен облыстық атқару комитеті төрағасының міндетін біріктірген қызмет. Яғни, басқарушы да, атқарушы да бір өзі. Біздің барлық деңгейдегі әкімдердің Ресей губернаторларынан айырмашылығы — сайланбайды, тағайындалады. Қазіргі саяси жағдайда әкімдерді тағайындау өте дұрыс шешім болғанын, басқаны қайдам, Ресей мойындап отыр. Өйткені, Ресейдің халық сайлаған губернаторлары орталықты жүре тыңдайтынды шығарды. Сол себепті Президент Путин әр аймаққа өзінің өкілдерін жіберіп, іргесі шайқала бастаған билігін қайта бекітуге мәжбүр. Құдайға шүкір, бізде андасанда оппозицияның әкімдерді сайлау мәселесін көтергені болмаса әкімдерді сайлауға деген сұраныс жоқ деуге болады. Әкім — Елбасының сенімді өкілі, халыққа қызмет етуші адам. Әрине, дәл бүгін облыс әкімдерін өз қалтасына еңбек ететін жан және халықтың қамын жейтін әкім деп екіге бөліп, атын айтып, түсін түстеуге әбден болады. Бірақ одан ұтарымыз шамалы, құр бекер жаманатты боламыз. Өйткені, әрбір облыс әкімі сыртқа жүнін қампайтып, сыр бермегенімен өзінің

біледі. Ар-ұят деген құдіреттің де ұйқы бермейтін кездері көп болса керек.

Сонымен, облыс әкімі өз облысының көлемінде шексіз билік иесі. Аудан әкімінің де билік тұрғысынан келгенде жағдайы жаман емес. Тек ауыл әкімінің ғана қолындағы мөрінен басқа қауқары жоқ.

Облыс әкімі Елбасының сенімді өкілі болғандықтан барлық мәселеге жауап береді. Сол облыстың экономикасы, әлеуметтік жағдайы, мәдениетті, жас ұрпақты тәрбиелеу, экология бәрі-бәрі соның құзырында. Халық үшін отқа да суға да түсетін жалғыз адам — облыс әкімі сияқты. Ол облыс прокуроры, облыстың ішкі істер басқармасының бастығы, облыстық қауіпсіздік комитетінің және облыстық соттың төрағасынан басқа қызметтің бәріне басшыларын өзі тағайындайды. Тікелей министрліктерге бағынатын облыстық мекемелердің басшылары да облыс әкімінің келісімінен кейін барып бекиді. Мойнында осынша жауапкершілік пен билік бар облыс әкімі неге көбіне халықпен санаспай, асқақтап, өркөкіректеніп кетеді. Өйткені, «Семіздікті қой ғана көтереді» деген халық мақалы өте дұрыс тұжырым, әкімдердің ілуде біреуі ғана халық пен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті терең түсінеді. Өйтпесе, көпшілігі от алуға келгендей, қызметтің қолдың кірі, уақытша екенін іштей ұғып өзі үшін жанталаса іске кіріседі. Ал өзінің қарақан басы үшін жұмыс істеуге облыс әкімінде барлық мүмкіндік бар. Тіпті бүгінгі өмірдегі тірліктің әмбесі осы әкім үшін жасалып қойғандай. Ірілі, ұсақты қызметке тағайындау, облыс орталықтарында, ауданда нысандар салу, тендрлер өткізу, әр түрлі мәдени шаралар, торқалы тойлар, ескерткіштер орнату, мұның бәрі алдымен

тойлар, ескерткіштер орнату, мұның бәрі алдымен үкіметтің қалтасынан шығатын қаржылар. Осы облысқа бөлінетін мол қаржының негізгі иесі де осы облыс әкімі. Құдайдың құдіретін қараңыз, команда деген ұғым да сол әкім үшін ойлап табылғандай. Жоқ, бұл жоғарыдағы басқару құрылымын жасаушылардың үлкен қателігі. Команда дегеніміздің екінші мағынасы сыбайластық. Біз өзіміз әкімнің ішіп-жеуіне жағдай жасап отырмыз. Әйтпесе қараңыз, жаңадан тағайындалған облыс әкімі міндетті түрде өз командасын ала барады. Және ең жауапты, әсіресе ақшаға қатысы бар жердің, пайдалы орынның бәріне өзі алып келген адамдарды қояды. Жергілікті білікті мамандар, іскер басшылар себепсізден себепсіз жұмыссыз қалады. Бір-екеуі орнын сақтар болса оларға ауыл шаруашылықтары мен әлеуметтік мәселелерді бақылауды тапсырады. Әкім өзімен бірге әкелген адамдары әрине халық емес, әкімге қызмет істейді. Жұмыс істегенде, тап бір ата-бабасынан қалған мол мұрадай халық байлығын оңды-солды сапыра бастайды. Команда мәселесі үлкен құрылымдық қателік екенін мойындайтын уақыт жетті. Жалпы облыстық әкімнің орынбасарлары да Елбасының өкімімен бекігені абзал. Әкімнің орынбасарының қолында да өзі жауап беретін салаға байланысты билік болуы керек. Әйтпесе орынбасарлардың міндеті түсініксіз, көпшілік жағдайда әкімнің көмекшісі дәрежесінде ғана.

Кім болса да, тендрді өмірге енгізген адам алаяқ, қу, залым болу керек. Үкімет ақшасын жеуге бұдан артық әдісті ойлап табу мүмкін емес. Кез келген бір мақсатқа жарияланған тендрдің бәрі әкімнің қолымен жасалатыны күн өткен сайын дәлелденіп келеді. Айталық, өте ірі құрылысқа

тендр жарияланды дейік. Қатысқан құрылыс компанияларының ішінен бұрын-соңды аты белгісіз біреу аяқ астынан жеңімпаз атанады. Кейін жаңағы белгісіз компанияңыз әкімнің өзінің, немесе командасының адамдары болып шығады. Заң жүзінде бәрі дұрыс, кінә қоя алмайсың. Тек жаңағы компания салған құрылыс кейін өте сапасыз болып шығады. Бірақ жабулы қазан жабулы қалады.

Бір қарағанда облыс әкімдерінің көзге көрінетін жұмыстары да мол сияқты. Әсіресе, облыс орталықтарын абаттандыруда соңғы бес жылда ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар істелді. Тұрғын үй, мәдениет орындары, мектептер, бизнес орталықтары, сәнді ескерткіштер көптеген қалалардың ажарын келтіруде. Алайда, халық осындай әсем ғимараттар мен кешендерге де күмәнмен қарайды. Өздерінен кеткен шығынды есептейді, сөйтіп жалпы жұмсалған қаржымен салыстыра отырып қайда кеткені белгісіз қыруар ақшаны тауып алады. Әрине, бұл халықтың арасындағы өсек дәрежесіндегі әңгімелер ғой. Бірақ, жел соқпаса шөптің басы қимылдай ма?

Облыс әкімдерінің ең осал тұсы халықпен тіл табысудағы кемшіліктері. Жұрттың бәрінің көңілінен шығу мүмкін емес, әрине. Алайда, көпке ортақ шешуін күтіп тұрған мәселелер болады. Соның бірі ауыл шаруасының несие алуы. Осы бір күрмеуі қиын мәселені әлі күнге дейін бірде бір облыс әкімі шешкен жоқ. Шешілмейтін де шығар, өйткені ауыл шаруашылығынан пайда аз, ал зиян шашетектен. Сондықтан да облыс әкімдерінің дені аудандарға айлап, жылдап ат ізін салмайды. Ал әлдебір себептермен, мысалы, белгілі ақынның мерейтойына бара қалса жергілікті халыққа уәдені үйіп-төгіп береді де жүре береді. Берген уәденің орындалуына көп басын қатыра бермейді.

Менің өмірден түйгенім, аудан әкімі облыс әкімінің көңілінен шықса, облыс әкімі жоғарыдағылардың көңілінен шықса болды, халықтың күнкіл-сүңкілінен көп ыға қоймайды.

Қарапайым халық та әбден дағдарып, дәрменсіздікке мойынсұнып болған. Арыз-шағым жазып, әр есікті бір қағуды азайтқан. Жазған арызынан бәрібір нәтиже шықпайтынына әбден көздері жеткендіктен болуы керек.

Экономика мен халықтың әлеуметтік жағдайы өз алдына облыс әкімдері мәдениет салаларына жеткілікті дәрежеде көңіл бөле алмай келді. Егер мәдениетіміз бен әдебиетіміздің бірен-саран ақсақалдарының көңілін тауып қойсақ болды, мәдениет мәселесін шешіп тастадық деп ойлайды. Әр облыстың өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мәдениетті өркендетудің өзіндік концепциясын жасаған әзірге бірде-бір әкімді кездестірмедік. Өйткені, мәдениет пен әлеуметтік мәселелерді білім беру саласын басқаратын мекемелерге көбіне кездейсоқ адамдар басшылық жасайды. Абайдың немесе Мұхтардың бір шығармасын толық оқымаған, құлағымен естіген әңгімелерді малданып, мәдениетке басшы болып жүрген рухани кембағал орынбасарлар, мекеме басшылары қаншама. Әрине, олар әкімнің тапсырмасын екі етпейді, келген қонақты жайылып жастық, иіліп төсек болып қарсы алып, шығарып салады. Сол қонақтың әдебиеттегі немесе өнердегі орны қандай, шығармасы халыққа не берді, одан мүлдем бейхабар. Сол себепті де көбіне құрметтің бәрін халтурщиктер көріп жатыр. Мәдениетіміздің, рухани байлықтарымыздың жеткілікті дәрежеде насихатталмай жататыны да сондықтан.

Сөз жоқ, әкімдер, соның ішінде облыс әкімдері негізінен біздің ел басқару ісіндегі ірі тұлғалар.

Парасат, пайымдары, жансарайлары бай адамдар. Алайда олардың бәрі бірдей халық көңілінен шыға бермейді. Бұл мәселенің себебі көп. Ал халықтың әкімдердің көбіне көңілі бітпеуінің басты себебі — ел басқаратын адамның пенде ретінде құлқынына тосқауыл болатын тетік — заң жұмыс істемейді. Екінші бір себебі — облыс әкімдерінің айналасында адал, іскер адамдардан гөрі жағымпаздар мол. Ал жағымпаздардың басты құралы — бастығын қызыл сөзбен мақтау. Кейде алқалы жиындарда, немесе дастарқан басында әкімдерді бәз біреулердің есінен тандыра мақтап жатқанын естігенде жерге кіріп кете жаздайсың. Өзі туралы мақтауды ести берген адам күндердің күнінде өзінің ғажап бастық екендігіне, елде жоқ парасатты һәм ақылды екендігіне сене бастайды. Соңыра кейбір мақтауларға көңілі бітпей, қоңылтақсып отырады. Үшінші облыс көлеміндегі шексіз қазына мен елдің байлығын пайдалануға деген құқық, оңай жолмен қалтаға түскен мол ақша, бәрін сатуға, бәрін сатып алуға деген кенен мүмкіндік әкімнің көзінің етін өсіреді, халыққа жоғарыдан менсінбей қарауға қалыптастырады.

Қарапайым халықтың облыс әкімдері бізбен санаспайды, бізге есеп бермейді, сөзінің тұрлауы жоқ деп сын айтып жатса оған да амалсыз құлақ асасың. Өйткені, халық айтса қалт айтпайды. Әкімдер халықтан қорықпайды, Елбасынан қорқады. Олар оппозициядан, ақпарат құралдарынан қаймығатын. Өздерін сынаған оппозиция мүшелеріне ренжіп, газет-журналдарға қырын қарап, таралымына кедергі жасап, шала бүлініп жататын. Бүгін әкімдердің әріден ойлайтын сұңғылалары бұл күрмеулі мәселені шешудің де жолдарын тауып алған. Олар енді бұрынғыдай оппозиция мүшелерінің ең белсенділерімен

салғыласып жатпайды. Алады да жақсы еңбекақысы бар жұмыс береді. Кешегі әкімді қоймай сынап жүрген шіркінің енді оны мақтап-марапаттап шыға келеді. Қайтсін байғұс, оған да ел қатарлы өмір сүру керек. Ал газеттермен тіл табысып, ауызын жауып қоюдың да жолдары бар екен. Мемлекеттік тапсырыс деген желеумен өзін сынап жүрген газеттерге 4-5 миллион асатып жіберсең болды, жұмған ауыздарын ашпайды. Құдай берсе әкімге беріп жатыр деген осы.

Иә, әкімдерді бақылауға алудың, әсіресе осы мүмкіндікті халық құзырына берудің уақыты жетті. Елбасы тағайындаған әкімді халық сүйіп, құшақтарын босатпай жатса кәнекей. Ел сүйіспеншілігіне бөленіп, халық қаумалап, әлеумет қолдап жатқан бірен-саран әкімдер болған, соларды халықтан ажыратудың қандай қажеттілігі бар еді деп ойлайсың кейде.

Қыркүйек айының 20-жұлдызында жергілікті мәслихаттың сайлауы өтеді. Жылдағыдай емес биылғы мәслихат сайлауына қатысып, халық қалаулысы болғысы келетін белсенділер керемет көп. Демек, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне кәдімгідей мән беріле бастады деген сөз. Бұл науқанда да басты тұлға облыс, аудан әкімдері. Өйткені, облыстық, аудандық мәслихатта әкім түшкірсе жәрекімалла деуге дайын отыратын өзінің адамдары көп болғаны жөн. Әйтпесе ісі оңға баспасы анық екенін әкімдер жақсы біледі.

Елбасының көңілінен шығып, сеніміне ие болып, облыс әкімдігіне тағайындалу екінің бірінің қолынан келетін іс емес. Тағайындалған соң да, жыл айналмай абыройсыздықпен жұмыстан босап қалған әкімдерді де көре қалдық. Дегенмен, екі жеп биге шығып, төрт құбыласы түгел, сайранды салып жүрген жолы болғыш әкімдер де